



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАР

2017 жылғы 31 мамыр

А. Ахметов: «Инфляциялық таргеттеу режимінің басты элементі – инфляция деңгейінің төмен болуы»

Соңғы жылы макроэкономикалық жағдайлар бірталай жақсарды. Бұл туралы бүгін Астана қаласында «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Зерде» сараптамалық клубының отырысында «Қазақстанның қаржы секторын қайта жаңғырту» деген баяндамамен сөйлеген сөзінде ҚРҰБ Төрағасының орынбасары Алпысбай Ахметов атап өтті.

«Мұнай бағасы ең төменгі бір баррельге 28 АҚШ долларынан ағымдағы 52 АҚШ долларына дейін, яғни 2 есе көтерілді, инфляция өткен жылғы шілдеде 17,7%-дан соңғы бір жарым жылда 2017 жылғы сәуірдің қорытындылары бойынша ең төменгі 7,5%-ға дейін төмендеді. Осыны ескере отырып, базалық мөлшерлеменің деңгейі 2016 жылғы ақпанда 17%-дан 2017 жылғы ақпанда 11%-ға дейін төмендетілді. Жақын арада мөлшерлеме одан әрі төмендейтіні жоққа шығарылмайды», – деді А. Ахметов.

Ол Ұлттық Банк алдында инфляциялық таргеттеу режимін дамыту жөніндегі маңызды, атап айтқанда орта мерзім ішінде инфляция деңгейін кезең-кезеңмен 3-4%-ға дейін төмендету міндеті тұрғанын атап өтті.

«Инфляциялық таргеттеу режимінің басты элементі – инфляция деңгейінің төмен болуы. Инфляцияны төмен деңгейде ұстап тұру кез келген орталық банктің экономиканың орнықты өсуін қамтамасыз етуге қосқан негізгі үлесі болып табылады, – деді ол. – Біз инфляция мен макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылық жөніндегі мақсаттар арасында тиімді теңгерімді тұрақты іздестіріп отырғанымызды атап өтемін. Біз баға тұрақтылығын іскерлік белсенділікті және ұзақ мерзімді экономикалық өсімді ынталандыратын деңгейде қамтамасыз етуге тырысамыз».

Кірістілік қисығын құру бойынша жұмыс жалғасады – А. Ахметов

ҚРҰБ Төрағасының орынбасары Алпысбай Ахметов теңгемен кредиттер мен қорландыру бойынша мөлшерлемелерді төмендету мәселесін бүгін Астана қаласында «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Зерде» сараптамалық клубының отырысындағы «Қазақстанның қаржы секторын қайта жаңғырту» тақырыбындағы баяндамасында қозғады.

Ол Ұлттық Банк тарапынан шаралар қажетті макроэкономикалық жағдайларды жасауға бағытталған деп атап өтті. «Инфляция мен базалық мөлшерлеме төмендеуде. Ұлттық Банк Қаржы министрлігімен бірлесе отырып соңғы 12 айда мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша кірістіліктің тәуекелсіз қисығын қалыптастыру бойынша айтарлықтай ілгеріледі», деді ол.

Оның айтуынша, ҚРҰБ үнемі 1 жылға дейінгі айналыс мерзімі бар ноттарын шығарып отыр, өткен жылдың қараша-желтоқсанында Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарымен қайталама нарықта белсенді операциялар жүргізілді. Бірлескен

үйлестірілген жұмыстың шегінде Қаржы министрлігі ағымдағы жылғы қаңтардан бастап 3 жылдан бастап 10 жылға дейінгі айналыс мерзімі бар мемлекеттік бағалы қағаздардың жаңа шығарылымын үнемі орналастыруды қалпына келтірді. Кірістілік қисығын құру бойынша жұмыс жалғасады, – деді А. Ахметов.

«Бұл шаралардың барлығы қарыз алу мерзімдеріне байланысты ақшаның объективті бағасын анықтауға бағытталған және банктердің нақты секторды нарықтық шарттармен кредиттеудің маңызды талабы болып табылады. Біз шетелдік инвесторлар тарапынан да қысқамерзімді ноттарға сұранысты байқап отырмыз. Бұл ноттардың тартымдылығын ғана емес, сондай-ақ инвесторларға теңгедегі құралдарға қаражат салу кезінде валюталық тәуекелдерді бағалауға мүмкіндік беретін валюталық саясаттың дұрыстығы мен түсініктілігін білдіреді», – деп атап өтті ҚРҰБ Төрағасының орынбасары, – қабылданатын шаралар аясында кредиттік ресурстардың қолжетімділігі өсуде – заңды тұлғаларға теңгемен кредиттері бойынша мөлшерлеме 2016 жылғы қаңтармен салыстырғанда 2017 жылғы сәуірде екі есеге жуық 13,9%-ға дейін төмендеді», – деп толықтырды ол.

Ол кредиттеу бойынша мына деректерді келтірді. Мәселен, шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 3,1 трлн. теңгеге немесе кредиттер көлемінен шамамен 25%-ға жетті. Тұтынушылық кредиттеу өсуде – өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда ағымдағы жылғы 4 айда 63%-ға, бұл да қаржы реттеуші өкілінің сөздері бойынша халықтың сатып алу қабілетінің біртіндеп қалпына келуін білдіреді.

«Қорландыру құнының одан әрі төмендеуі және экономиканың нақты секторын кредиттеуді қалпына келтіру бағалардың тұрақтануы мен іскери белсенділіктің қалпына келуіне қарай жүргізілетін болады», – деп атап өтті А. Ахметов.

Екінші ай қатарынан теңгемен салымдардың үлесі шетел валютасымен салымдардың үлесінен асуда – Ұлттық Банк

Ұлттық валютамен қорландырудың ұлғаюына депозиттердің долларсыздану процесі ықпал етуде. Екінші ай қатарынан (наурыз және сәуір) теңгемен депозиттердің үлесі шетел валютасымен депозиттердің үлесінен асуда. Ол туралы бүгін ҚРҰБ Төрағасының орынбасары Алпысбай Ахметов Астана қаласындағы «Нұр отан» партиясының жанындағы «Зерде» сараптамалық клубының отырысында сөйлеген сөзінде хабарлады.

Ол теңгемен депозиттер көлемінің ұлғайып жатқанын атап өтті. Сәуірдің қорытындысы бойынша шетел валютасымен депозиттердің үлесі 2016 жылғы қаңтардағы ең көп 70% деңгейден 48,8%-ға дейін төмендеді. Бұған көбінесе валюта нарығындағы жағдайдың тұрақтануы және Ұлттық Банктің теңгемен құралдардың тартымдылығын арттыру жөніндегі шаралары ықпал етті.

Ұлттық Банкте Банк секторын қалыпқа келтіру бағдарламасының негізгі қағидаттары туралы айтып берді

Ұлттық Банк Банк секторын қалыпқа келтіру бағдарламасын әзірледі, оның шеңберінде ірі банктерге мемлекеттік қолдау көрсету және Ұлттық Банктің мандатын күшейту көзделеді. Ол туралы бүгін ҚРҰБ Төрағасының орынбасары Алпысбай Ахметов Астана қаласындағы «Нұр отан» партиясының жанындағы «Зерде» сараптамалық клубының отырысында сөйлеген сөзінде хабарлады.

Оның айтуынша, «Банктерді үстеме капиталдандыру бойынша акционерлер мен инвесторлардың ортақ қатысуы Бағдарламаның негізгі қағидаты болып табылады». А. Ахметов айтқандай, нәтижесінде банк секторындағы жүйелік тәуекелдердің төмендеуі,

экономиканың нақты секторын кредиттеуді қалпына келтіру, сондай-ақ банк қызметін үздіксіз көрсетуді жүзеге асыру күтіледі.

«Бағдарлама Ұлттық Банктің қаражаты есебінен іске асырылады. Оған әлеуметтік тұрғыдан маңызды отандық банктер қатыса алады, – деп сөзін жалғастырды А. Ахметов. – нәтижесінде банк секторындағы жүйелік тәуекелдердің төмендеуі, экономиканың нақты секторын кредиттеуді қалпына келтіру, сондай-ақ банк қызметін үздіксіз көрсетуді жүзеге асыру күтіледі».

А. Ахметовтің айтуынша, Ұлттық Банк проблемалардың туындауын күтпей, банк қызметінің нашарлау тәуекелін алдын ала ескерту жөніндегі жұмысты күшейтуді; заңнамалық деңгейде қаржы ұйымдарының қызметіне жедел бақылау жасау бойынша талаптарды бекітуді жоспарлап отыр.

Қазақстан Ұлттық Банкі қор нарығын жандандыру жөніндегі жоспарлары туралы айтып өтті

Президенттің 2017 жылғы 31 қаңтардағы жолдауы шеңберінде Үкіметке және Ұлттық Банкке қор нарығын жандандыру бойынша шаралар қабылдау тапсырылды. Қор нарығының тартымдылығын арттыру және институционалдық инвесторлардың мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында қазіргі күні Ұлттық Банк эмитенттер мен инвесторлардың қор нарығындағы қызметін ырықтандырды, қор нарығының инфрақұрылымы жетілдіріп, қаржы секторына жаңа технологиялар енгізуде. Бұл туралы бүгін Астанадағы «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Зерде» сараптамалық клубының отырысында сөйлеген сөзінде ҚРҰБ Төрағасының орынбасары Алпысбай Ахметов хабарлады.

«Қор нарығын жандандыру үшін Қазақстанның қор биржасы базасында шағын және орта бизнестің акциялары мен облигацияларын шығару және орналастыру үшін барынша жеңілдетілген талаптары бар баламалы биржалық алаң құрылды, – деді А. Ахметов. – Миноритарлық инвесторларды заңнама түрінде қорғау шаралары күшейтілді, ол Дүниежүзілік Банктің «Doing Business 2017» бағалауының шеңберінде «Миноритарлық инвесторларды қорғау» индикаторы бойынша Қазақстанның позициясын 190 елдің ішінде 25-тен 3-орынға дейін арттыруды қамтамасыз етті».

Оның айтуы бойынша, Ұлттық Банк қазіргі уақытта халықтың қор нарығының құралдарына қол жеткізу тетіктері бойынша ұсыныстарды әзірлеуде, алайда нақты идеялар туралы айту әлі ертерек.

«Ұлттық Банктің қор нарығын дамыту жөніндегі бұдан былайғы жоспары зейнетақы жүйесін реформалау жөніндегі ұсыныстарды іске асырумен тікелей байланысты. Атап айтқанда, реформа салымшыға жинақ ақшасының жеткілікті мөлшері болған кезде инвестициялау стратегиясын, ұжымдық стратегияны не дара стратегияны таңдау құқығын беруді пайымдайды. Ағымдағы жылы Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп, нақты шараларымен, мерзімдерімен және күтілетін нәтижелерімен қор нарығын дамытудың кешенді бағдарламасын әзірлеуді жоспарлап отырғанын атап өтемін», – деп қорытындылады А. Ахметов.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7(727)2704-585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz